

2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың :
149 , 150 , 151 , 152 , 153 , 154 , 155 , 156 , 157 , 158 , 159 , 160 , 161 , 162 , 163 , 164 , 165 , 166 , 167 , 168 , 169-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
149-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"

деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 1 987 226 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз сексен жеті миллион екі жүз жиырма алты мың теңге) .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы

Заңы ; "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңы ; "Ұлы Отан соғысының

қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңы ;«"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңы ; "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңы ; "Жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы ;»"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңы ;»"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңы ;»"Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 27 ақпандағы Заңы ;»" Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңы ;»"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына берілетін біржолғы төлемдер туралы" 1999 жылғы 13 желтоқсандағы Жарлығы ; " Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1920 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1132 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : әлеуметтік қамсыздандыру саласында азаматтардың конституциялық кепілдерін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :

- еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және іске асыру;
- еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және халықтың көші-қоны

саласындағы заңдардың сақталуын мемлекеттік бақылау;
 - еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, әлеуметтік әріптестік, халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру және көші-қон процестерін реттеу саласындағы салааралық үйлестіру;
 - кәсіптік шеберлігін жетілдіру және қызметтік міндеттемелерін тиімді орындау мақсатында біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламалары бойынша дағдылар мен шеберлікті, теориялық және практикалық білімдерді жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/ с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Әлеуметтік қызмет түрлері жүйесін, стандарттарды, МӘС және мүгедектерді оңалтуды, еңбек заңдарын одан әрі жетілдіру; нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу және іске асыру; әлеуметтік және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесін реттеу жөніндегі ұсыныстарды іске асыру, сондай-ақ өз құзыры шеңберінде әлеуметтік әріптестік жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның жұмысын қамтамасыз ету; ақпараттық қамсыздандыру және әлеуметтік статистиканы дамыту; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зейнетақылар, жәрдемақылар, өтемақылық және біржолғы төлемдердің төленуін қамтамасыз ету;	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

				<p>шетелдік жұмыс күшін тартуға көші-қон квоталарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу ; жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысқа мониторинг жасау; халықты еңбек рыногының жайы туралы ақпараттандыру; ішкі рынокті қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттардың жобаларын қарау; Министрліктің Көші-қон жөніндегі комитетінің және аумақтық органдарының қызметін басқару және үйлестіру; жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдарды еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон мәселелері бойынша әдістемелік басқару .</p> <p>Ұйымдармен еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон мәселелерді жетілдіру бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі келісім-шарттар ж а с а у .</p> <p>Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша видеофильмдер және жарнама роликтер, анықталық әдебиеттер мен кітапшалар шығару қызметтерін сатып алу.</p>		қорғау министрлігі.
3		002	Аумақтық органдардың аппараттары	<p>Мүгедектік тобын, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу; республикалық бюджеттен қаржыландырылатын зейнетақыларды, жәрдемақыларды, өтемақылық және біржолғы төлемдерді,</p>	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

				<p>әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдерді тағайындау; еңбек, еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, көші-қон , халықты әлеуметтік қорғау саласындағы заңдардың орындалуын бақылау, тексерулер жүргізу; мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының орындалуына бақылау жасау; өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тексеруге қатысу және олардың есебін жүргізу; құрылысы немесе қайта құруы аяқталған өндірістік объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысу; шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін рұқсат қағаздарда көрсетілген шарттардың орындалуын бақылау және тексеру; ұйымдарда еңбек заңнамасының сақталу күйін сипаттайтын көрсеткіштерді жинақтау, қорытындылау, жүйелеу және талдау жасау; еңбек, жұмыспен қамту, әлеуметтік қамсыздандыру , көші-қон мәселелері бойынша ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмысын жүргізу.</p>		қорғау министрлігі.
4		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	<p>Төмендегідей тақырыптар бойынша біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет түрлерін сатып алу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Еңбек және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылау. 2. Көші-қон мәселелері 3. Медициналық-әлеуметтік сараптама және 	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

				мүгедектерді оналтудың өзекті мәселелері. 4. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аумақтық департаменттеріндегі бухгалтерлік есеп және есептілік. Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне үйрету.		қорғау министрлігі.
5		009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	Жүктелген функцияларды сапалы және тиімді орындау мақсатында Министрліктің орталық аппараты мен аумақтық органдарын материалды-жабдықтау жарактандыру.	ж ы л ішінде	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
6		017	Ақпарат-тық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпарат-тық-техникалық қамтамасыз ету	Есептеу техникасы құралдарына және бағдарламалық өнімдерге техникалық қызмет көрсету, сүйемелдеу және әкімшілік ету қызметтерін төлеу. Шығыс және жинақтаушы материалдар, қосалқы бөлшектер сатып алу. Спутниктік байланыс каналын жалдау. Техникалық құралдарын сатып алу. Лицензияланған құралдарды сатып алу. Лицензияланған бағдарламалық өнімдерді сатып алу және орнату.	ақпан-желтоқсан қаңтар-желтоқсан қаңтар-желтоқсан ақпан-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

- әлеуметтік қамсыздандыру саласында азаматтардың конституциялық кепілдерін қамтамасыз ету .

- 200 адамның кәсіптік деңгейін жоғарылату;

- 468 адамды мемлекеттік тілге оқыту.

- 35 адамды ағылшын тіліне оқыту.

Бір мемлекеттік қызметкердің біліктілігін арттырудың орташа шығыны 15,3 мың. теңге .

Бір мемлекеттік қызметкерді мемлекеттік тілге оқытудың орташа шығыны 17,4 мың. т е ң г е .

Бір мемлекеттік қызметкерді ағылшын тіліне оқытудың орташа шығыны 30,0 мың.

т е ң г е .

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің құқықтық-нормативтік базасын жетілдіру, мемлекеттік органдар жауапкершілігін арттыру, әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мамандарының біліктілік деңгейін арттыру және қол жетімділігін кеңейту.

Қазіргі заманғы экономикалық жағдайлардағы кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына

150-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Зейнетақы бағдарламасы"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 293156678 мың теңге (екі жүз тоқсан үш миллиард бір жүз елу алты миллион алты жүз жетпіс сегіз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының 13-бабы ; "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңы 12-бабының 5-тармағы, 16-бабының 5 тармағы; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 2 , 5-баптары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуға конституциялық құқықтарын іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :

- ағымдағы айдан кешіктірмей төлеу;
- зейнетақы төлемдері мен базалық зейнетақы төлемдерін уақытында қамтамасыз ету;

- Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдарға, сондай-ақ олардың мұрагерлеріне зейнетақыға үстемеақы төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламалардың) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Зейнетақы бағдарламасы			
2		100	Ортақ зейнетақыларды төлеу	Қажеттілікке сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдарға ынтымақты зейнетақылардың ай сайын төлемдерін ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
3		101	Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақылар	Қажеттілікке сәйкес радиациялық қатер өңірлерінде тұрған және Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына ай сайынғы үстемеақы төлемдерін ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
4		102	Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері	Қажеттілікке сәйкес зейнеткерлерге және зейнеткерлік жасқа толған мүгедектерге базалық ай сайынғы зейнетақы төлемдерін ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: ынтымақты зейнетақыларды, Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақылар және зейнеткерлік жасқа толған адамдарға арналған базалық зейнетақы төлемдерін төлеу.

Алушылардың орташа жылдық болжамды саны:

- Ынтымақты зейнетақы - 1635,1 мың адам;

- Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен

азаматтардың зейнетақыларына үстемеақы алушылардың саны - 0,3 мың адам;
- базалық зейнетақы төлемдерін алушылар - 1671,9 мың адам;
Түпкі нәтиже: ағымдағы айдан кешіктірмей төлеу: ынтымақты зейнетақылар мөлшерін 8 пайызға көбейту және зейнеткерлік жасқа толған адамдардың барлығына 3000 теңге мөлшерінде базалық зейнетақы төлемдерін төлеу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

- зейнетақының ең төмен мөлшері - 7236 теңге;
- зейнетақының орташа мөлшері - 10855 теңге;
- зейнетақыларға үстемеақылардың орташа мөлшері - 17508 теңге.
- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері - 3000 теңге.

Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25 күнге дейін уақытында төлеу. Сапасы:
- тағайындалған зейнетақылар мен базалық зейнетақы төлемдерін 100 пайызға төлеу, радиациялық қатер өңірлерінде тұрғаны үшін және Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына ай сайынғы үстемеақы төлемдерін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық ұсынған қажеттілікке сәйкес 100 пайызға төлеу.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
151-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылғы арналған
"Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 73321815 мың теңге (жетпіс үш миллиард үш жүз жиырма бір миллион сегіз жүз он бес мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 қаулысымен .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мүгедектігі, асыраушысынан айрылу

жағдайы бойынша және жасына байланысты әлеуметтік қамсыздандыруға мұқтаж азаматтарға ақшалай қаражат төлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :

- ағымдағы айға төлеу ;
- мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін ең төмен күнкөріс деңгейі шамасынан еселеп есептеу ;
- мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың жаңа мөлшерлерін ескере отырып уақытында төленуін қамтамасыз ету ;
- жасына байланысты ;
- мүгедектігі бойынша ;
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	003		Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар			
2		100	Мүгедектігі бойынша	Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды ай сайын төлеуді қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
3		101	Асыраушысынан айрылуына байланысты	Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды ай сайын төлеуді қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
4		102	Жасы бойынша	Жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды ай сайын төлеуді қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушылардың орташа жылдық болжамды саны:

- мүгедектігі бойынша - 404,7 мың адам;
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша - 223,5 мың адам;
- жасына байланысты - 12,9 мың адам.

Түпкі нәтиже: ағымдағы айға төлеу; мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың к і р і с т е р і н к ө б е й т у .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың орташа м ө л ш е р і

- мүгедектігі бойынша - 9316 теңге;
- асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша - 8244 теңге;
- жасына байланысты - 4431 теңге.

Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25 күнге дейін уақытында төлеу.

Сапасы: мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды 100 п а й ы з ғ а т ө л е у .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
152-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылғы арналған
"Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 41089918 мың теңге (қырық бір миллиард сексен тоғыз миллион тоғыз жүз он сегіз мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңы ; "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : азаматтардың жеке санаттарына қосымша материалдық қолдау көрсету .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :

- арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу ағымдағы ай үшін;
- арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін жаңа мөлшерінде уақытылы қамтамасыз е т у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламауың) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар			
2		100	ҰОС мүгедектері	ҰОС мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру.	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
3		101	Ұ О С қатысушылары	Қажеттілікке сәйкес ҰОС қатысушыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
4		102	Ұ О С мүгедектеріне теңестірілген адамдар	Қажеттілікке сәйкес ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
5		103	Ұ О С қатысушыларына теңестірілген адамдар	Қажеттілікке сәйкес ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға арнаулы	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты

				мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.		әлеуметтік қорғау министрлігі.
6		104	ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлері	Қажеттілікке сәйкес ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
7		105	Қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдері (күйеулері)	Қажеттілікке сәйкес қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдеріне (күйеулеріне) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
8		106	Совет Одағының батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері	Қажеттілікке сәйкес Совет Одағының батырларына, Социалистік Еңбек Ерлеріне, Даңқ орденінің үш дәрежесінің, Еңбек Даңқы орденінің үш дәрежесінің иегерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
9		107	ЧАЭС оқиғасында апат салдарын жою кезінде қаза болған (қайтыс болған, хабаршарсыз кеткен), әскери қызметкерлерінің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің және қаза болған	Қажеттілікке сәйкес қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің ЧАЭС апаттың салдарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

			адамдардың отбасылары			қорғау министрлігі.
10		108	Ұлы отан соғысы жылдарындағы тыл еңбекшілері	Қажеттілікке сәйкес ҰОС жылдарындағы тыл еңбекшілеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
11		109	Көшіру күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда Қазақстан Республикасынан шеттету және қоныс аудару аймағынан көшірілген ЧАЭС	Қажеттілікке сәйкес қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларын қоса, оқшаулау және көшіру аймағынан Қазақстан Республикасына қоныстанған ЧАЭС апаттың салдарын жоюға қатысушыларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
12		110	I және II топтағы мүгедектер	Қажеттілікке сәйкес I және II топтағы мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
13		111	III топтағы мүгедектер	Қажеттілікке сәйкес III топ мүгедектеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
14		112	16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	Қажеттілікке сәйкес 16 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
15		113				

			"Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр-ана" атағын алған және "Ана даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналар	Қажеттілікке сәйкес "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр-ана" атағын алған және "Ана даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
16		114	Төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар	Қажеттілікке сәйкес кәмелетке толмаған, бірге тұратын төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы отбасыларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
17		115	Мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары	Қажеттілікке сәйкес мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
18		116	Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңіргені үшін зейнетақы тағайындалған тұлғалар	Қажеттілікке сәйкес Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбек үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға арнайы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: азаматтардың 17 санатына арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар төлеу. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар алушылардың болжамды орташа жылдық саны - 1 1 2 3 , 1 м ы н а д а м б о л а д ы .

Түпкі нәтиже: азаматтардың жекелеген санаттарына арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар түрінде қосымша материалдық қолдау көрсету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері 5,7 пайызға өсуі. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың орташа мөлшері 5155 теңгені қ ұ р а й д ы .

Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25-не дейін уақтылы төлеу.

Сапасы: азаматтардың 17 санатына Заңмен белгіленген мөлшерде тағайындалған арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды 100 пайызға төлеу.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
153-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Жерлеуге берілетін жәрдемақы"
деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 1837082 мың теңге (бір миллиард сегіз жүз отыз жеті миллион сексен екі м ы н т е н г е) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 11-бабы ; "Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 6-бабы ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 8-бабы ; "Жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 7-бабы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : зейнетақы және жәрдемақы алушыларды жерлеуді жүзеге асырған отбасыларға (тұлғаларға) мемлекеттің қосымша материалдық қолдауы .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды, жерасты және ашық тау-кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушыларды жерлеуге арналған жәрдемақыларды уақытылы төлеуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	005		Жерлеуге берілетін жәрдемақы			
2		100	Зейнеткерлерді, ҰОС қатысушылары мен мүгедектерін жерлеуге берілетін жәрдемақы	Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін жерлеуді жүзеге асырған отбасыларға (тұлғаларға) жәрдемақыны уақытылы төлеуді ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
3		101	Жер астындағы және ашық тау-кен жұмыстарында, ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларындағы жұмыстарда жұмыс істеген, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар және мемлекеттік арнайы жәрдемақылар алушыларды	Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы , мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларды , жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларды жерлеген отбасыларға (тұлғаларға) арналған жәрдемақыларды уақытылы төлеу.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

		жерлеуге берілетін жәрдемақы		қорғау министрлігі.
--	--	------------------------------------	--	------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: зейнетақы мен жәрдемақы алушыларды жерлеуге жұмсалған шығындарды өздері көтерген отбасыларға (тұлғаларға) жерлеуге берілетін жәрдемақыларды төлеу. Жерлеуге берілетін жәрдемақылардың болжамды орташа жылдық саны - 103,9 мың адам.

Түпкі нәтиже: жерлеуге берілетін жәрдемақылар мөлшерінің 6 пайызға өсуі. Зейнетақы мен жәрдемақы алушыларды жерлеуді жүзеге асырған отбасыларға (тұлғаларға) мемлекеттің материалдық қолдауы.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

Жерлеуге берілетін жәрдемақылар мөлшері:

- соғыс мүгедектері мен қатысушыларына - 38220 теңге;

- зейнетақылар мен жәрдемақылар алушыларға - 16380 теңге

Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25-не дейін уақытылы төлеу.

Сапасы: жерлеуге берілетін жәрдемақыларды алуға уақтылы өтініш берген және жәрдемақы алуға құқығы бар тұлғаларды жерлеуге берілетін жәрдемақылармен 100 пайызға қамтамсыз ету.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына

154-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Жер астындағы және ашық тау-кен жұмыстарында, еңбектің ерекше зиянды және ерекше ауыр жағдайында жұмыс істегендерге мемлекеттік арнайы жәрдемақылар" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 2972432 мың теңге (екі миллиард тоғыз жүз жетпіс екі миллион төрт жүз отыз екі мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жерасты, ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген стажы бар адамдарды әлеуметтік қорғау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды у а қ т ы л ы т ө л е у ж әне ұ й ы м д а с т ы р у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	006		Ж е р а с т ы н д а ғы ж әне а ш ы қ та у - к е н жұ м ы с т а р ы н д а , ең б е к т і н е р е к ш е з и я н д ы ж әне е р е к ш е а у ы р ж а ғ д а й ы н д а жұ м ы с і с т е г е н а д а м д а р ғ а м е м л е к е т т і к а р н а й ы ж ә р д е м а қ ы л а р	Қ а ж е т т і л і к к е с ә й к е с ж е р а с т ы , а ш ы қ к е н жұ м ы с т а р ы н д а , ең б е к ж а ғ д а й л а р ы е р е к ш е з и я н д ы ж әне е р е к ш е а у ы р жұ м ы с т а р д а і с т е г е н с т а ж ы б а р т ұ л ғ а л а р ғ а а й с а й ы н ғ ы т ө л е м д е р д і ұ й ы м д а с т ы р у .	Ж ыл б о й ы	Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Ең б е к ж әне х а л ы қ т ы ә л е у м е т т і к қ о р ғ а у м и н и с т р л і г і .

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: жерасты ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген стажы бар тұлғаларға мемлекеттік арнайы жәрдемақылар төлеу. Алушылардың болжамды орташа жылдық саны - 23504 адам. Түпкі нәтиже: төлемдерді ағымдағы айға төлеу, мемлекеттік арнайы жәрдемақылар м ө л ш е р і н а р т т ы р у .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік арнайы жәрдемақылар мөлшері (9 АЕК) - 9 8 2 8 т ең г е .

Уақытылығы: кестеге сай 25-не дейін ай сайын уақтылы төлеу.

Сапасы: жерасты ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген стажы бар адамдарға тағайындалған мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды 100 пайызға төлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
 2006 жылғы 15 желтоқсандағы
 N № 1220 қаулысына
 155-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 16 723 500 мың теңге (он алты миллиард жеті жүз жиырма үш миллион бес жүз мың теңге) .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңының 4-бабы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :

- 15 АЕК мөлшерінде бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды төлеу ;

- 2006 жылдың 1 шілдесінен бастап бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайын төленетін мемлекеттік жәрдемақыларды

бірінші балаға 3 АЕК ,

екінші балаға 3,5 АЕК ,

үшінші балаға 4 АЕК ,

төртінші және одан көп балаға 4,5 АЕК мөлшерінде төлеу.

- бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы және бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайын төленетін мемлекеттік жәрдемақылардың уақытында төленуін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	007					

			Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар			
2		100	Б а л а тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар	Бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
3		101	Б і р ж а с қ а дейінгі баланы күту үшін төленетін мемлекеттік жәрдемақылар	Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік сараланған жәрдемақы төлемдерін ай сайын қажеттілікке сәйкес ұйымдастыру.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: бала тууына байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты берілетін жәрдемақыларды төлеу.

Мемлекеттік жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны:

бала тууына байланысты - 258,5 мың адам;

бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты - 208,5 мың адам.

Түпкі нәтиже: 1 жасқа дейінгі баланы күтетін азаматтарды мемлекет тарапынан материалдық қолдау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бала тууына байланысты берілетін мемлекеттік жәрдемақы мөлшері - 16380 теңге.

Бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты берілетін орташа жәрдемақы мөлшері - 4994 теңге.

Уақтылығы: кестеге сәйкес 25-не дейін ай сайын уақтылы төлеу.

Сапасы: бала тууына байланысты және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты тағайындалған мемлекеттік жәрдемақыларды 100 пайыз төлеу.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 15 желтоқсандағы

N № 1220 қаулысына

156-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 7

ж ы л ғ а

а р н а л ғ а н

"Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендерге төленетін біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақылар" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 4 682 512 мың теңге (төрт миллиард алты жүз сексен екі миллион бес жүз он екі мың теңге) .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының 1 2 - б а б ы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : мемлекеттің Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккендерге біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі міндеттемесін орындау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен:

- з е й н е т к е р л е р г е ;
- мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушыларға;
- радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық мәртебесі жеңілдікті аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақыны уақтылы төлеуді ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	008		Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендерге төленетін біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақылар			

2	100	Зейнеткерлер және әлеуметтік мемлекеттік жәрдемақы алушылар	Зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға біржолғы ақшалай өтемақыларды төлеуді ұйымдастыру.	Өтініш түсуіне байланысты жыл ішінде.	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
3	101	1949-1990 жылдар аралығында радиациялық қауіпті аймақтарда және жеңілдікті әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бар аумақта тұратын және тұрған жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін халық	Радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық мәртебесі жеңілдікті болып келетін аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақыларды уақтылы төлеуді ұйымдастыру.	Өтініштердің түсуіне қарай жыл ішінде.	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже:

Зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар алушыларға, радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық мәртебесі жеңілдікті болып келетін аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақыларды уақытында төлеу.

Орташа жылдық болжамды саны:

- зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар - 9354 адам;
- радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық мәртебесі жеңілдікті болып келетін аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтар - 219926 адам.

Түпкі нәтиже: зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар алушыларға, радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық мәртебесі жеңілдікті болып келетін аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі б е р е ш е к т і ө т е у .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: өтемақының орташа мөлшері:

- зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар үшін - 22,7 мың теңге ;
- жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтар үшін - 20,3 мың теңге болады.

Уақтылылығы: жыл ішінде өтініштердің түсуіне қарай.
Сапасы: зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар алушыларға, радиациялық қатер өңірлеріне жататын аумақтарда және әлеуметтік-экономикалық мәртебесі жеңілдікті болып келетін аймақтарда тұратын және 1949 жылдан 1990 жылдар аралығында тұрған жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін азаматтарға тағайындалған мемлекеттік біржолғы ақшалай өтемақыларды 100 пайыз төлеу.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13. N 597 , 2007.11.06. N 1052 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N № 1 2 2 0 қаулысына
157-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне табысы аз отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге ағымдағы нысаналы трансферттер"

деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 3816000 мың теңге (үш миллиард сегіз жүз он алты миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 28 маусымдағы Заңының 4 , 9-бабы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : 18 жасқа дейінгі балалары бар аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған жәрдемақы төлемдерін уақтылы қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/c	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	009		Облыстық бюджеттерге, Астана және	1. Аз қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына арналған мемлекеттік жәрдемақыларды төлеу үшін облыстық бюджеттерге	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және

	Алматы қалаларының бюджеттеріне табысы аз отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге ағымдағы нысаналы трансферттер	ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару . 2. Аз қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына арналған мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін облыстарға аударымдар жасау арқылы уақтылы ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару.	халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыс әкімдері
--	--	---	---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тікелей нәтиже: жылына 367,7 мың балаларға жәрдемақылар төлеу, оның ішінде:

Ақмола облысы	-	1,9 ;
Ақтөбе	-	11,0 ;
Алматы	-	40,8 ;
Атырау	-	14,9 ;
Шығыс Қазақстан	-	12,0 ;
Жамбыл	-	80,0 ;
Батыс Қазақстан	-	14,5 ;
Қарағанды	-	5,2 ;
Қостанай	-	25,3 ;
Қызылорда	-	49,8 ;
Павлодар	-	5,4 ;
Солтүстік Қазақстан	-	21,3 ;
Оңтүстік Қазақстан облысы	-	85,6.

Түпкі нәтиже: балалары бар аз қамтылған отбасылардың материалдық жағдайын жақсарту .

Қаржылық-экономикалық нәтиже: балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақы мөлшері айына 1092 теңге құрайды .

Уақтылығы: кестеге сәйкес ай сайын 25-не дейін уақтылы төлеу. Сапасы: аз қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына арналған жәрдемақылардың уақтылы төленуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 1220 қаулысына
158-ҚОСЫМША

213 - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007

жылға

арналған

"Ақталған азаматтарға-жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы"

деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 80277 мың теңге (сексен миллион екі жүз жетпіс жеті мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06. N 1052 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 22, 25-баптары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : жаппай қуғын-сүргін құрбандары ретінде танылған азаматтардың материалдық және моральдық зияндарын өтеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасының Заңдарымен бекітілген көлемде жаппай қуғын-сүргін құрбандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақыларды уақтылы төлеу .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№/р/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	010		Ақталған азаматтарға жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы	Ақталған азаматтарға жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақы төлемдерін ұйымдастыру.	Азаматтардың өтініш беруіне қарай жыл бойы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тікелей нәтиже: ақталған азаматтарға - жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақыларды төлеу. Алушылардың орташа жылдық саны 2198 адам .

